

**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі**  
**Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің**  
**«Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы**  
**республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіндегі**  
**сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**  
**талдамалық анықтама**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрамында: жұмыс тобының басшысы – аппарат басшысы Сәтім Қайроллаұлы Тастайбеков, жұмыс тобы басшысының орынбасары – экспорттық бақылау және ақпараттық талдау департаментінің ақпараттық-талдау бөлімінің бастығы Марат Торғайұлы Ботин; жұмыс тобының мүшелері: Заң департаментінің директоры Малика Елубайқызы Сәрсенбаева, импорт департаментінің ауыр қару-жарақты импорттау бөлімінің бастығы Олег Израйлович Эргашев, өткізу, кәдеге жарату және қорғаныс объектілерін жалға беру департаментінің пайдаланылмайтын әскери мүлікті өткізу және экспорттау бөлімінің бастығы Тілек Жанғабылұлы Өстеміров, кадр саясаты бөлімінің бастығы Ағиба Жұмаханқызы Медетбаева, қаржыны жоспарлау бөлімінің бастығы Әсел Марданқызы Азатова Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2022 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес, «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК Бас директоры міндетін атқарушының 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 217бұйрығы негізінде жүргізілді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

## **I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

### **1. Кәсіпорын құрамы:**

- 1) Басшылық - 5;
- 2) Хатшылық –2;
- 3) Департамент директоры – 4;
- 4) Департамент директорының орынбасары – 1;
- 5) Бөлім бастығы - 15;
- 6) Бас сарапшы –27;
- 7) Сарапшы – 49;
- 8) Өкілдік басшысы -1;
- 9) Маман -1;

## 10) HR менеджер - 1.

2022 жылы Кәсіпорында қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен құрылымдық бөлімшелердің функциялары ««Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» ШЖҚ РМК-нің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Бас директордың 2020 жылғы 19 тамыздағы № 206 бұйрығына сәйкес айқындалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде (2022 жылғы желтоқсан) Кәсіпорын жұмыскерлері өз қызметінде «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт) РМК-нің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Бас директордың 2020 жылғы 5 тамыздағы № 191 бұйрығын басшылыққа алады.

2. Кәсіпорында 2021-2022 жылдар кезеңінде ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің 2021 ж. 24.12 № 2110000001705012/00105 әскери басқармасында тіркелген 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №102-Т тапсырмасы бойынша ішкі аудит (қарсы тексеру) жүргізілді.

Қарсы тексеруді Ақтөбе облысы бойынша ІМАК №2 сәйкестік аудиті бөлімінің басшысы Г. Ш. Берниязова жүргізді.

Қарсы тексерудің мәні/мәселесі: ҚР Қаржымині Ішкі мемлекеттік аудит комитеті сәйкестік аудиті басқармасының басшысы М.А. Мутиевтің 2021 ж. 14.12 қызметтік жазбасы және 2021 ж. 22.12 № 102-Т аудит жүргізуге берілген тапсырма негізінде «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау бойынша әскери қажеттіліктерге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану» мәселесі бойынша қарсы тексеру жүргізілді. Қарсы тексерумен қамтылған кезең: 2019 ж. 01.01 бастап 2021 ж. 31.12 дейін. Қарсы тексеру жүргізу мерзімі: 2021 ж. 23.12 бастап 2022 ж. 21.02 дейін, 2022 ж. 10.01 бастап 2022 ж. 21.01 дейін тоқтатылды. 2022 ж. 21.01 бастап 2022 ж. 05.03 дейін қайта басталды.

Жүргізілген аудит (қарсы тексеру) қорытындысы бойынша 2022 жылғы 5 наурыздағы қарсы тексеру актісі жасалды, 2022 жылғы 5 наурыздағы кір. №799 тіркелді.

Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі: жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

Алайда мынадай бұзушылықтар анықталды:

- «Қазарнаулыэкспорт» РМК республикалық бюджетке жалпы сомасы 1 287 433,2 мың теңгеге МҚТ орындаудан түсетін нормативтен тыс кірістерді қайтармаған»;

- «Қарсы аудиторлық іс-шараларды өткізу кезінде Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерінде «Қазарнаулыэкспорт» РМК ҚР Азаматтық кодексінің 272-бабы мен шарттардың талаптарын бұза отырып, жабдықтарды, қызметтерді, тауарларды уақтылы жеткізбегені үшін 2019 - 2021 жылдары жалпы сомасы 569 529,2 мың теңге тұрақсыздық айыбы төленбегені анықталды»;

- «Соңғы 3 жылда 2 166 545,9 мың теңге сомасына МҚТ-ны орындауға бөлінетін бюджет қаражаты жүйелі негізде «Қазарнаулыэкспорт» РМК шоттарында жатыр және әрбір қаржы жылының соңында бюджетке қайтарылады. Бұл ретте «Қазарнаулыэкспорт» РМК келісімшарттар жасасудың кідіріс себептері мен болжамды мерзімдері туралы хабарлама жолдамаған»;

- «2019-2020 жылдары «Қазарнаулыэкспорт» РМК заңнамада белгіленген келісімшарттар жасасу мерзімдерін сақтамағана, соңында жалпы сомасы 1 712 137,3 мың теңгеге 8 келісімшарттың жиынтығы уақтылы жасалмады».

Мемлекеттік аудит барысында мынадай шаралар қабылданды: есептелген тұрақсыздық айыбы және үнемдеу бюджет кірісіне өтелді.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2022 жылғы 5 наурыздағы №100-Т анықтаған бұзушылықтарды жою жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілген.

Кәсіпорын осы Жоспардың 2, 7, 10 және 12-тармақтарында белгіленген бұзушылықтар бойынша қызметтік тексеру жүргізді.

Кәсіпорын Жоспардың әрбір тармағы бойынша Кәсіпорынның 2021 қаржы жылындағы қаржылық міндеттемелерінің уақтылы орындалғанын, сондай-ақ қару-жарак пен әскери техниканың Тапсырыс берушіге уақтылы жеткізілгенін растайтын құжаттардың көшірмелері бар материалдарды дайындады және уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетіне 2022 жылғы 8 желтоқсандағы шығ. №11-01-05/11-5957 жолдады.

*Кәсіпорын қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларының сәйкессіздігі анықталған жоқ.*

## **II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

### **1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы**

Кәсіпорынның штат кестесі «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкпорт)» РМК Бас директорының 2022 жылғы 6 маусымдағы №92 бұйрығымен бекітілген. Кәсіпорын қызметкерлерінің штат саны-106 бірлік, оның ішінде: Орталық аппарат-99 бірлік, Алматы қаласындағы Өкілдік-7 бірлік.

Бос лауазымдарға персоналды іріктеу Бас директордың 2020 жылғы 14 қыркүйектегі №223 бұйрығымен бекітілген «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкпорт)» РМК-нің персоналды таңдау және іріктеу қағидаларына сәйкес кезең-кезеңмен жүргізіледі.

**Бірінші кезең:** Кәсіпорынның корпоративтік сайтында және басқа көздерде бос орын туралы хабарландыру жариялау арқылы жұмыс іздеушілерді іздеу.

**Екінші кезең:** сұхбат (әңгімелесу) өткізу, тестілеу өткізу.

**Үшінші кезең:** Конкурстық комиссиямен әңгімелесу. Персоналды таңдау және іріктеу бойынша өткізілген конкурстық комиссияның әңгімелесу қорытындысы бойынша оң қорытынды алған кандидаттар бос лауазымдарға тағайындалады.

«Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкпорт)» РМК-нің персоналды таңдау және іріктеу қағидаларына сәйкес бос лауазымдарға 22 адам қабылданды.

26 адам жұмыстан босатылды, оның ішінде: тараптардың келісімі бойынша - 9, шарт мерзімінің аяқталуы – 1, қызметкердің бастамасы бойынша – 16.

Кәсіпорын қызметкерлерінің ауысуы 2022 жылы 24% құрады. «Командалық орын ауыстыру» бөлігінде анықталған жоқ.

«Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану қағидаларын бекіту туралы» Бас директор міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 маусымдағы бұйрығына сәйкес 2022 жылы Кәсіпорынның 6 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Тәртіптік комиссияның шешімі бойынша өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жазалар 1 қызметкерге ескерту түрінде, 3 қызметкерге сөгіс түрінде, 3 қызметкерге қатаң сөгіс түрінде қолданылды (бір қызметкерге сөгіс, бұдан әрі-қатаң сөгіс берілді). Оның ішінде: 4 қызметкерге тәртіптік жаза мерзімінен бұрын алынып тасталды, тараптардың келісімі бойынша 1 қызметкер жұмыстан шығарылды.

2022 жылы теріс себептермен жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ.

2022 жылы Кәсіпорынның Келісу комиссиясы (бұдан әрі-Комиссия) Кәсіпорынның бұрынғы қызметкері М.Ғ. Айтжановадан (Кадр саясаты бөлімінің бастығы) «М.Ғ. Айтжановамен еңбек шартын бұзу туралы» Кәсіпорын Бас директорының 2022 ж. 10.02 №17-ж/қ бұйрығын жарамсыз деп тану және бұрынғы лауазымына қалпына келтіру туралы бір өтінішті қарады.

А.ж. 4 наурыздағы Комиссия отырысында өтініш беруші М.Ғ. Айтжанова қатыспады, осыған байланысты оның өтініші дауды қарауға жазбаша келісім алғанға дейін оның қатысуынсыз қараусыз қалдырылды.

Комиссия отырысын өткізу кезінде (2022 ж. 11.03) өтінішті оның қатысуынсыз қарау туралы жазбаша келісім түскен жоқ.

ҚР Еңбек кодексінің 159-бабының 4-тармағына және «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарттың 131-тармағына сәйкес өтініш беруші М.Ғ. Айтжанованың немесе Комиссия отырысында ол уәкілеттік берген өкілдің, сондай-ақ оның қатысуынсыз дауды қарауға жазбаша келісімнің жоқтығын ескере отырып, Комиссия М.Ғ. Айтжанованың 2022 ж. 10.02 №17-л/с өтінішін бірауыздан қараусыз қалдыру және қабылданған шешім туралы М.Ғ. Айтжанованы хабардар ету туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабының 8-тармағына сәйкес Кәсіпорын 2022 жылғы 29-30 қараша аралығында Келісім комиссиясы үшін «Келісім комиссиясы. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану және комиссияның келіссөздер жүргізу және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу жолдары» атты тақырыпта оқу ұйымдастырды.

Оқуды «Зерде» оқу орталығының маманы Қайырбеков Бауыржан Зекенұлы жүргізді. Келісім комиссиясының барлық 6 мүшесі оқудан өтіп, сертификаттар алды.

#### **Әлеуметтік төлемдер бойынша:**

Кәсіпорын қызметкерлеріне әлеуметтік төлемдер (материалдық көмек көрсету) «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК-де әлеуметтік мәселелер бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру туралы» Бас директордың 2020 жылғы 20 қарашадағы №279 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның шешімі бойынша Кәсіпорын Бас директорының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

2022 ж. 22.12 жағдай бойынша төлемдер жүргізілді:

Бала туылған кезде	Некеге тұрған кезде	Отбасы мүшелері, жақын туысы қайтыс болған жағдайларда	Арудың аса ауыр түрлерінде	Емдеу жағдайларында	Мерейтойлық күндерге
2	9	6	1	1	5

Кәсіпорын жұмыскерлеріне төленетін төлем мөлшері ҚР Еңбек кодексінің, «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт) ШЖҚ РМК жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау туралы ережені бекіту туралы» Бас директордың 2020 жылғы 4 наурыздағы № 105 бұйрығының, сондай-ақ 2018 жылғы 12 шілдедегі Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес айқындалады.

Жалақы төлеу ұсынылған жұмыс уақытын есепке алу табеліне сәйкес нақты жұмыс істеген уақыты үшін айына кемінде бір рет, келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей жұмыскерлердің банктік карточкалық шоттарына ұлттық валютада қолма-қол ақшасыз жолмен жүргізіледі.

Талдау жүргізу кезінде (2022 жылғы желтоқсан) Кәсіпорынның жұмыскерлер алдында берешегі жоқ. Төлем ай сайын және уақтылы жүргізіледі.

## 2. Мүдделер қақтығысы

Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында жанжалды мүдделер жоқ.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету

«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен уәкілетті ұйымның функциялары бекітілген (8-бап).

### *Уәкілетті ұйым:*

1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау кезінде әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) өндіру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау мен әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету үшін сатып алынатын көрсетілген тауарларды (өнімдерді), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер жүзеге асыратын импорттауды қоспағанда, мемлекетте қорғаныс мұқтаждарын, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметі, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі үшін қажетті көрсетілген тауарларды (өнімдерді), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді импорттауды жүзеге асырады;

2) пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды) жүзеге асырады;

3) оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді жүзеге асырады;

4) пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асырады;

5) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

6) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен өндіретін қару-жарақ пен әскери техниканы халықаралық нарыққа ілгерілетуді жүзеге асырады;

7) әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің халықаралық көрмелеріне, конференцияларына, семинарларына, таныстыру іс-шараларына, демонстрацияларына, сынақтарына қатысады және оларды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасына сәйкес орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесін жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

9) мемлекеттік кепілдіктермен берілетін мемлекеттік емес қарыздарды тартады;

10) қарыз шартында көрсетілген ұйымдармен мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар шеңберінде кейінге қалдыру төлемімен қорғаныс өнеркәсібі саласында әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) сатып алу және беру, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және әскери мақсаттағы қызметтерді көрсету жөніндегі шарттарды жасасады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 63 қаулысымен Кәсіпорын уәкілетті ұйым болып белгіленді:

- әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттауды жүзеге асыруға;

- оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді;

- пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөнінде қызметтер көрсетуді;

- қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық көрмелерге қатысуды және оларды Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастыруға қатысу.

«Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 17 ақпандағы №64 қаулысымен Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

(бұдан әрі – Кәсіпорын).

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы комитетін Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган айқындады.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері бойынша:

- «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК-да мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі нұсқаулық;

- Пайдаланылмайтын мүлікті өткізу, пайдаланылмайтын мүлікті сатып алу-сату шарттарын жасасу және орындау бойынша сауда-саттық өткізуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;

- Пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;

- Көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу шеңберінде пайдаланылмайтын мүлікті жоюды, қайта өңдеуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;

- Фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесінің нұсқаулығы;

- «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК мүлкін өткізу қағидасы.

Кәсіпорынның құқықтық актілері мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін нормалар көзделген.

1) Кәсіпорын импорттау бағыты бойынша Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау кезінде өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады:

- «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы №236-VI;

- «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы №339-I;

- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау шеңберінде Кәсіпорын «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы №759 қаулысын басшылыққа алады.

Кәсіпорында әскери және қосарлы мақсаттағы өнімнің импорты «Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)» РМК - да мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі нұсқаулық» Кәсіпорын Бас директорының бұйрығымен бекітілген нұсқаулығымен регламенттеледі.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау сапасын жақсарту мақсатында Кәсіпорын Бас директорының бұйрықтарымен нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (2019 жылы - 2019 ж. 21.02 №67 үшін; 2020 жыл үшін - 2020 ж. 14.02 №66, 2021 жыл – 2021 ж.29.04 №112 үшін).

Талдау жүргізу кезінде (2022 жылғы желтоқсанда) Кәсіпорында ««Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)» мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Кәсіпорын Бас директорының 2021 жылғы 19 сәуірдегі №104 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық жұмыс істеп тұр.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты (бұдан әрі — МҚТ) орындалуын бақылау мақсатында ақпараттық–талдау бөлімі (бұдан әрі — АТБ) 2022 жылғы мамыр-тамыз айлары аралығында ауыр және жеңіл қару-жарақты импорттау бөлімдерінің қызметкерлері ұсынған ақпарат негізінде қару-жарақ пен әскери техниканы (ҚпӘТ) жеткізу бойынша шарттар мен келісімшарттар жасасуға мониторинг жүргізді. Осыдан кейін апта сайын Бас директордың жетекшілік ететін орынбасарына тиісті анықтама берілді.

АТБ бүгінгі күні Кәсіпорын қызметі туралы 3 тоқсандық есеп қалыптастырып Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мекенжайына жолданды (2022 ж.04.04 I - №11-05/11-1188; 2022 ж. 04.07 II - №11-05/11-2863; 2022 ж.04.10 III - №11-01-05/11-4759). 2023 жылғы қаңтарда Кәсіпорынның 2022 жылғы қызметі туралы есепті қалыптастыру жоспарлануда.

АТБ жүйелі түрде орындаушылардың ақпараттық анықтамалығын — әлеуетті жеткізушілердің, өндірушілердің де, олардың ресми дилерлерінің де ішкі базасын толтырады. Осы анықтама Кәсіпорынның файлдық серверінде №16 папкада орналасқан.

Орындаушылардың ақпараттық анықтамалығын жыл сайын Бас директор өткен жылдың 20 қаңтарына дейін бекітеді, бекітілгеннен кейін кәсіпорынның кеңсесінде сақталады.

2) Кәсіпорын оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөнінде қызметтер көрсету мәселелері бойынша өз қызметінде Қазақстан Республикасының мына заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, уәкілетті органдардың және Кәсіпорын Бас директорының бұйрықтарын басшылыққа алады:

1. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы (2019 ж. 18.03 ҚРЗ).
2. Мемлекеттік мүлік туралы (2011 ж. 01.03 ҚРЗ).
3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы» (2005 ж. 07.01).
4. Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы (1998 ж. 30.12 ҚРЗ).
5. Рұқсаттар және хабарламалар туралы (2014 ж. 16.05 ҚРЗ).
6. Экспорттық бақылау туралы (2007 ж.21.07 ҚРЗ).
7. Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы (2018 ж. 10.01 ҚРЗ).

Әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді импорттауды, оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді (оның ішінде экспорттауды), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жоюды және қайта өңдеуді, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөнінде қызметтер көрсетуді, қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық көрмелерге

қатысуды және оларды Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастыруды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымды айқындау туралы (2019 ж. 29.08 №637 ҚР ҮК).

1. Пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидалары (2019 ж. 6.11 №832 ҚР ҮК)

2 Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын бекіту туралы (2019 ж. 14.10 № 759 ҚР ҮК).

3. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы (ҚР ҰЭМ-нің 2015 ж. 17.03 № 212 бұйрығы).

4. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы (2011 ж. 15.07 № 802 ҚР ҮК).

5. Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы (ҚР ҚМ 2014 ж. 04.12 № 540 бұйрығы).

6. Республикалық бюджетке түсетін түсімдерді алуға, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін сомалардың, қарыздардың бюджетке артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы (ҚР ҚМ-нің 2018 ж. 07.02 № 136 бұйрығы).

7. Пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) берудің кейбір мәселелері туралы (ҚР ИИДМ-нің 2020 ж.13.01 № 11).

8. «Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)» РМК-нің шарттарды (келісімшарттар) жасасу қағидаларын бекіту туралы (БД-нің 2018 ж.02.07 № 213).

9. Пайдаланылмайтын мүлікті сатып алу-сатудың үлгілік шартының нысанын бекіту туралы (БД-нің 2020 ж. 21.02 № 73 бұйрығы).

10. Пайдаланылмайтын қару-жарақ пен әскери техниканы өткізу жөніндегі сатып алу-сату үлгілік шарт түрлерін бекіту туралы (БД-нің 2020 ж. 25.07 №121 бұйрығы).

11. Қорғаныс объектілерін мүліктік жалдау (жалға) беру шарттарына үлгілік шартты және үлгілік қосымша келісімдерді бекіту туралы (БД-нің 2022ж. 15.11 № 188 бұйрығы).

12. Пайдаланылмайтын мүлікті өткізуді, таратуды, өңдеуді ұйымдастыру және пайдаланылмайтын қорғаныс құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы (БД-нің 2020 ж. 11.08 № 198 бұйрығы).

13. Құрылымдық бөлімшілер туралы ережені және «Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)» РМК қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы (БД-нің 2020 ж. 19.08 № 206 бұйрығы).

14. «Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)» пайдаланылмайтын мүлікті өткізу қызметтерін көрсету жөніндегі комиссиялық сыйақы деңгейін бекіту туралы (БД-нің 2022 ж. 20.05 № 84 бұйрығы).

15. Пайдаланылмайтын мүлікті өткізу мәселелері бойынша комиссия құру туралы (БД-нің 2022 ж. 24.11 № 206 бұйрығы).

16. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі тендерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тендерлік комиссияның құрамын бекіту туралы (БД-нің 2022 ж. 18.11.20 № 196 бұйрығы).

17. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі тендерді ұйымдастыру және өткізу тендерлік комиссияның құрамын бекіту туралы (БД-нің 2022 ж. 23.11 № 205 бұйрығы).

18. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі



тендерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тендерлік комиссияның құрамын бекіту туралы (БД-нің 2022 ж. 30.11 № 213 бұйрығы).

Қорғаныс объектілерін өткізу, кәдеге жарату және жалға беру департаменті жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында қызметкер Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын білуі керек екендігі көрсетілген. Жұмыскерлердің адамдардың өмірі мен денсаулығына, Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің мүлкі сақталуына қауіп төндіретін туындаған жағдай туралы Жұмыс берушіге хабарлау міндеті бекітілген.

Өткізу бөлімі жұмыскерлерінің электрондық сауда-саттықты өткізу рәсіміне ықпалын болдырмау мақсатында ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген өткізу қағидаларында сауда-саттықтың жеңімпазы автоматты түрде айқындалатын мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы өткізуді жүзеге асыру көзделген.

***Бөлім қызметкерлерінің сауда саттық жеңімпазын анықтауға қатысуы алынып тасталды.***

Жабық сауда – саттықта қару-жарак және әскери техника (бұдан әрі-ҚпӘТ) түріндегі пайдаланылмайтын мүлікті сату кезінде жеңімпазды сауда-саттық шарттарына міндетті түрде сәйкес келген кезде Кәсіпорын комиссиясы айқындайды. Комиссия құрамы Кәсіпорынның бас директорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия бекітілген регламент негізінде әрекет етеді.

Жабық тендерге қатысушылар ұсынатын ҚпӘТ-нің бағалары туралы ақпаратты жария ету мүмкіндігін болдырмау үшін өткізу қағидаларында тек жабық конверттерде баға ұсыныстарын беру көзделген.

Бұдан басқа, Қағидаларда жабық тендер бейнебақылау жүйесі болған кезде міндетті түрде өтетіні көзделген (жазбаны 12 ай бойы сақтау және өткізілген жабық тендерді көру мүмкіндігімен).

Сол сияқты, бейнебақылау жүйесі болған жағдайда ғана жабық аукциондар өтеді. Жабық аукционға қатысушылардан жіберілген жәе келіп түскен барлық құжаттарды комиссия хатшысы (скриншоттарды қоса бере отырып басып шығарады және түпкілікті ең жоғары баға ұсыныс ұсынылған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде комиссияның қарауына ұсынды).

Кәсіпорында ішкі экспорттық бақылауды жүргізу мақсатында 2022 жылдың басынан бастап фирмаішілік экспорттық бақылау бөліміне (бұдан әрі - Бөлім) жабық сауда-саттыққа қатысуға ниет білдірген компаниялардан өтінімдер келіп түсті. Барлық компанияларды, олардың бірінші басшылары мен құрылтайшыларын бөлім Бөлім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сенімділікке тексерді. Тексеру нәтижелері бойынша пайдаланылмайтын мүлікті өткізу мәселелері жөніндегі комиссияның қарауына жабық сауда-саттыққа компанияларға рұқсат беру туралы шешім қабылдауға қорытындылар дайындалып, жолданды.

Уәкілетті органға сатып алу-сату шарттары бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға лицензиялар алу үшін өтініштер берілді. Халықаралық импорттық сертификаттар тексерілді.

Әлемдегі қолайсыз жағдайға байланысты Кәсіпорын Ресей-Украина қақтығысына қатысушы елдердің (Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Украина) жабық сауда-саттыққа қатысуын түсіндіру үшін мемлекеттік органдарға хаттар жолдады.

**3) Жалдау бөлімі қызметкерлерінің электрондық сауда-саттықты өткізу рәсіміне әсерін болдырмау мақсатында ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға беру қағидаларында Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы қорғаныс объектілерін жалға беруді жүзеге асыру көзделген.**

Қатысушылардың сауда-саттыққа жіберуді комиссия қатысушылар бекіткен құжаттар негізінде айқындайды. Комиссия құрамы Кәсіпорын бас директорының бұйрығымен бекітіледі., Комиссия тендерлік комиссияның бекітілген регламенті негізінде әрекет етеді.

Комиссия хатшысы қатысушыларды сауда-саттыққа жіберу хаттамасының негізінде тізілімінің веб-порталында ЭЦҚ көмегімен қорытындылар туралы хаттамаға қол қояды., онда жеңімпаз автоматты түрде анықталады.

Қару-жарақ пен әскери техниканы, техникалық және арнайы құралдарды қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті жою, кәдеге жарату, көму және қайта өңдеу арқылы ұйымдастыру кезінде Кәсіпорын қызметтерді, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу веб-порталында пайдаланылмайтын мүлікті жою жөніндегі қызметтерді сатып алуды жүргізеді. Бөлім жұмыскерлерінің мемлекеттік сатып алу жеңімпазын анықтауға қатысуы алынып тасталды.

Қару-жарақ пен әскери техника, техникалық және арнайы түріндегі Пайдаланылмайтын мүлікті беру, өткізу, құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өңдеу (бұдан әрі – Кәдеге жарату) тек мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс (бұдан әрі - МҚТ) шеңберінде жүзеге асырылады.

МҚТ шеңберінде құртып жіберуді ұйымдастыру кезінде Кәсіпорын нарық пен баға мониторингінің нәтижелері бойынша Кәсіпорын айқындаған шетелдік өндірушілердің және/немесе олардың ресми өкілдерінің мекенжайына баға ұсыныстарына сұрау салу жібереді.

Кәсіпорынның МҚТ-ны орындаушыны таңдауы бекітілген критерилер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) өнімнің шартқа техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі;
- 2) шетелдік өндірушінің және/немесе оның ресми өкілінің сұрау салу және шарт талаптарына (жеткізу мерзімі, кепілдік мерзімі, алғытөлем мөлшері, ілеспе қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) және т.б.) сәйкестігі;
- 3) шетелдік өндірушінің және/немесе оның ресми өкілінің баға ұсынысының уәкілетті ұйым үшін рентабельдікті ескере отырып бөлінген сомаға сәйкестігі;
- 4) шетелдік өндірушілердің ресми өкілдерінде қорғаныстық тапсырысты тиісінше орындау үшін өздерінің қаржылық және еңбек ресурстарының болуы.

Егер шетелдік өндірушілердің немесе олардың ресми өкілдерінің барлық баға ұсыныстары критерийлерге жауап берген жағдайда, ең төмен баға ұсынысын ұсынған шетелдік өндіруші немесе оның ресми өкілі орындаушы болып танылады.

Егер ең аз баға ұсынысын бірнеше шетелдік өндірушілер (олардың ресми өкілдері) ұсынған жағдайда, Кәсіпорынның қорғаныс тапсырысын Орындаушыны таңдауы келесі қосымша критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) сатып алынатын өнім нарығында оң жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) шарттар (жеткізу мерзімі, кепілдік мерзімі, технологиялық шешімдер, пайдаланылатын материалдар, алғытөлем мөлшері, ілеспе қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) және т.б.) басқа әлеуетті орындаушылардың шарттарымен салыстырғанда ең жақсы болып табылады.

Баға ұсыныстарды салыстыру нәтижелері бойынша Кәсіпорын орындаушыны анықтайды және онымен МҚТ-ны орындауға келісімшарт жасасады.

*Бұл ретте, соңғы 5-6 жыл ішінде МҚТ шеңберінде ПМ-ні кәдеге жарату жөніндегі Кәсіпорын функциясын орындауға қаражат бөлінбегені атап өтіледі.*

Жалпы, қорғаныс объектілерін өткізу, кәдеге жарату және жалға беру департаменті жұмыскерлерінің қызметі Бас директордың бұйрығымен бекітілген тиісті нұсқаулықпен реттеледі.

Бұдан басқа, Кәсіпорын Бас директорының бұйрықтарымен электрондық және сауда саттықта да сатып алу-сату шарттарының (2020 ж. 21.02 №73 бұйрық, 2020 ж. 25.07 №121 бұйрық), мүліктік жалдауға (жалға) беру шартының үлгілік нысандары бекітілді.

*Осылайша, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау кезінде импорттау жөніндегі Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға, қорғаныс объектілерін өткізу, кәдеге жарату және жалға беру бойынша жүргізілген талдау арқылы **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы анықталмады.***

4) Кәсіпорын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде Қазақстан Республикасының Әскери-техникалық ынтымақтастығы туралы келісімдерді жүзеге асыруға, тікелей Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Әскери-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық комиссиясына (ӘЭЫМК) қатысады. (ӘЭЫМК туралы ереже Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен бекітілген).

Кәсіпорын өкілдері тұрақты негізде ӘЭЫМК жанындағы Іскерлік кеңестік жұмысына қатысады.

Кәсіпорын жарнама-көрмелік қызметін жүргізеді, қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық көрмелерге қатысады және оларды Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастырады.

**Анықтама:** Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт (Мәскеу қ., 2013 жылғы 24 желтоқсан), Қазақстан тарапы ҚР Президентінің 2015 жылғы 17 ақпандағы №1002 жарлығымен бекітілді және 2015 жылғы 16 наурыздан бастап күшіне енеді.

#### **4. Кәсіпорынға түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері**

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен және сұрау салулармен жұмысты ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы №350- VI ҚР Кодексіне сәйкес «Құжатайналым» электрондық құжат айналымы жүйесі және «Е-Өтініш» («Е-обращения») ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезінде (2022 жылғы желтоқсан) **жеке тұлғалардан 19 өтініш келіп түсті және тіркелді:**

1. 2022ж. 28.01 ЖТ-Е-1– М.Д. Ерментаев - №19410-О-ЭТП жалдау шарты бойынша қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға жәрдемдесуге қатысты. Жауап 2022 ж. 07.02 № 03-02-03/03-02-429 үшін берілді.

2. 2022 ж. 18.02 ЖТ-А-2– Марал Ғабдоллақызы Айтжанова– жұмыстан босату туралы бұйрықты жарамсыз деп тану туралы өтініш. Өтініш беруші кері қайтарып алды.

3. 2022 ж. 30.03 ЖТ-Ш-3 – Шенгелді Оразбайұлы Амангелді –55065 ә/б әуеайлақ мүлкін өткізу жөніндегі лотқа қатысты. Жауап 2022 ж.05.04 №03-01-06/03-01-1218 үшін берілді.

4. 2022 ж.27.02 ЖТ-2022-01357029 - Е.Ж. Рахымжанов – ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.14.03 № ЖТ-2022-01357029 үшін берілді.

5. 2022 ж. 15.04ЖТ-202201572870 - Е.Ж. Рахымжанов – ПМ-ті өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж. 22.04 ЖТ-202201572870 үшін берілді.

6. 2022 ж. 24.05ЖТ-2022-01767762– М.А. Жұманиязов – ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап № ЖТ-2022-01767762 үшін берілді.

7. 2022 ж. 15.06 ЖТ-2022-01893615– М.А. Жұманиязов – ПМ-ні өткізу бойынша электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж. 28.06 үшін берілді

8. 2022 ж. 27.06 ЖТ-2022-02103401– М.А. Жұманиязов – ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.05.08 үшін берілді.
9. ЖТ-2022-02128054 2022 ж. 02.08 – А.Аралбаев - ПМ-ні өткізу бойынша электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.09.08 үшін берілді.
10. 2022 ж. 09.08 ЖТ-2022-02161610– Н.Құрманалиев - экспорттық рұқсат алу үшін сатып алынған мүлікті растау мәселесі бойынша. Жауап 2022 ж. 11.08 үшін берілді.
11. 2022 ж. 22.08ЖТ-2022-02230277 – А.Молдақожаева – объекті гвардиялық қ.ү.к. жалға беру мәселесі бойынша. Жауап 2022 ж.24.08 үшін берілді.
12. 2022 ж. 10.08 ЖТ-2022-02174634 - А.Аралбаев - ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.25.08 берілді.
13. 2022 ж. 31.08 ЖТ-2022-02274294 – А.Аралбаев - ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.02.09 берілді.
14. 2022 ж. 07.10 ЖТ-2022-02474231 – А.С. Патрушева–«ДСФК» ЖШС облигацияларды сатып алуға қатысты. Жауап 2022 ж. 19.10 берілді.
15. 2022 ж. 12.10 ЖТ-2022-02499012 – А.Аралбаев - ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.04.11 берілді.
16. 2022 ж. 08.11 ЖТ -2022-02638338 – И.А. Лисс–2022 ж. 17.10 №37923-ЭТП ПМ-ні сатып алу-сату шартын бұзуға арналған сұрау салу. Жауап 2022 ж. 11.11 берілді.
17. 2022 ж. 11.11 ЖТ-2022-02663162 – М.М. Сеңгірбаева - 2022 ж. 27.10 №38286-ЭТП жалдау шартын бұзуға арналған сұрау салу. Жауап 2022 ж. 15.11 берілді.
18. 2022 ж.28.11 ЖТ-2022-02733012/1 – Е.Ж. Рахымжанов - ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жұмыста.
19. 2022 ж.30.11 ЖТ -2022-02770898 - М.М. Сеңгірбаева - 2022 ж. 27.10 №38286-ЭТП жалдау шартын бұзуға арналған сұрау салу. Жұмыста.

***Заңды тұлғалардан 9 өтініш келіп түсті және тіркелді:***

1. 2022 ж. 01.06 ЗТ-1– ҚР ИИДМ –М.А. Жұманиязовтің өтініші бойынша. Жауап 2022 ж. 02.06 №03-01-06/03-01-2244 үшін берілді.
2. 2022 ж. 01.06 ЗТ-2 – ҚР ИИДМ - М.А. Жұманиязовтің өтініші бойынша. Жауап 2022 ж.02.06 №03-01-06/03-01-2244 үшін берілді.
3. 2022 ж. 05.08 ЗТ-2022-02149366 – А. Рустанов - Мемлекеттік сатып алу мәселелері. Жауап 2022 ж. 25.08 берілді.
4. 2022 ж. 15.08 ЗТ-2022-02196745 – А. Кадиров – МҚТ тізбесіне жабдықты енгізу мәселесі бойынша. Жауап 2022 ж.27.08 берілді.
5. 2022 ж.23.08 ЗТ-2022-02237678 – А.Елеусізов – ПМ-ні өткізу бойынша электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж. 27.08 берілді.
6. 2022 ж .23.08 ЗТ-2022-02237894 – А.Елеусізов - ПМ-ні өткізу жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу мәселелері бойынша. Жауап 2022 ж.27.08 берілді.
7. 2022 ж. 22.11 ЗТ-2022-02727030 – «U K Z» ЖШС – Жеткізушіні таңдау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасының, аудио-бейне жазбасының көшірмелерін ұсынуға сұрау салу. Жауап 2022 ж.07.12 берілді.
8. 2022 ж.08.12 ЗТ-2022-02817348 – «Industrial Expert Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-ҚР Қорғаныс министрлігінің ӘӘК үшін ВРУ-100 сатып алуға арналған ұсыныс. Өтінішті өтініш беруші салымның болмауына байланысты кері қайтарып алды.
9. 2022 ж. 08.12 ЗТ-2022-02820484 - «Industrial Expert Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі-ҚР Қорғаныс министрлігінің ӘӘК үшін ВРУ-100 сатып алуға арналған ұсыныс. Находится в работе.

Орындау мерзімін бұза отырып өтініштер жоқ.

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалардан сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға қатысты өтініштер түскен жоқ.

## **5. Мемлекеттік сатып алу**

Кәсіпорын мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мынадай нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары;
- Ерекше тәртіпті қолдана отырып, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысы);
- «Әкімшілік бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ЗЗК кодексі;
- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ЗЗК Заңы.

Кәсіпорында мемлекеттік сатып алу қызметі Кәсіпорын Бас директорының ішкі бұйрықтарымен де реттеледі:

- ««Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК шарттары мен келісімшарттарын жасасу қағидалары» 2018 жылғы 2 шілдедегі №213 бұйрығы;
- ««Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт) РМК келісімшарттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2021 жылғы 3 ақпандағы №41 бұйрығы;
- ««Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» талап-арыз жұмысын жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 3 шілдедегі №212 бұйрығы;
- «Іскерлік әдеп кодексін бекіту туралы» 2019 жылғы 1 қазандағы №226 бұйрығы.

Кәсіпорындағы мемлекеттік сатып алу бойынша функциялар Мемлекеттік сатып алу бөліміне жүктелген. Мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерінің сәйкестігі бойынша аудитпен сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік құпияларды қамтитын шарттарды қоспағанда, барлық шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған. Тексеру кезінде (2022 жылғы желтоқсан) Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 140 шарт және қызметтік пайдалануға арналған ақпаратты қамтитын 2 шарт жасалды. Қызметтік пайдалануға арналған ақпаратты қамтитын шарттар кәсіпорынның кеңсесінде сақталады.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жоқ.

## **6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу жөніндегі іс-шаралар**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар» бекітілді, олар Кәсіпорын құзыреті салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесі болып табылады. Бұл стандарттар Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуді, құқықтық сауаттылықты және Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыруды көздейді.

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері үшін жауапкершілік Бас директорға жүктеледі, Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады (2020 жылғы 11 наурыздағы № 115 бұйрығы).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар аппарат басшысы С.Қ. Тастайбековке жүктелсін (2022 жылғы 23 тамыздағы № 120-лс бұйрығы).

Ұжымдық келіссөздер жүргізу қағидаттарын сақтау, тараптардың мүдделерін тең құқылы және құрметтеу, мәселелерді талқылауда таңдау еркіндігі мақсатында Кәсіпорында ұжымдық шарт (2018 жылғы 13 шілдедегі) қолданылады, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейді, оның шеңберінде: Персоналды іріктеу және іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия (Бас директордың 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 223 бұйрығы), әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (Бас директордың 2022 жылғы 20 қарашадағы № 279 бұйрығы), келісу комиссиясы (Бас директордың 2019 жылғы 14 қарашадағы №254 бұйрығы) және тәртіптік комиссия (Бас директордың 2022 жылғы 5 қазандағы № 159 бұйрығы): персоналды іріктеу және іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия (Бас директордың 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 223 бұйрығы), әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (Бас директордың 2022 жылғы 20 қарашадағы № 279 бұйрығы), келісу комиссиясы (Бас директордың 2019 жылғы 14 қарашадағы №254 бұйрығы) және тәртіптік комиссия (Бас директордың 2022 жылғы 5 қазандағы № 159 бұйрығы).

Кәсіпорын жұмыскерлерімен мерзімді түрде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР ҚР Заңының негізгі нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

2022 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның талаптарын сақтау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша Кәсіпорын қызметкерлері үшін семинар ұйымдастырылды және өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ЗЗК Заңына, сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметтер істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына, «Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» РМК Бас директорының 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №217 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобы құрылды. Кәсіпорынның 2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілді.

Кәсіпорынның ішкі құжаттары (қағидалар, нұсқаулықтар, ережелер және т.б.) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді.

Осылайша, Кәсіпорынның құқықтық актілері мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша нормалар көзделген, мысалы, алқалы шешім қабылдау, Кәсіпорынның құжат айналымын цифрландыру, шарттар (келісімшарттар) жасасудың ашық рәсімі, комиссиялардың жұмыс барысын бейне және аудио - тіркеу және т.б., бұл Кәсіпорынға негізгі мақсат бойынша міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

***Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері шеңберінде өз функцияларын орындайды.***

## **7. Қорытынды**

***2022 жылғы Кәсіпорын қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.***

Талданып отырған кезеңде жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Талдау анықтамасы құрылымдық бөлімшеге жауапты тұлғалар жұмыс тобына ұсынған мәліметтер негізінде дайындалады.